

Нысанды киім үлгілерін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, оны киіп жүру қағидаларын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 655 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 18939 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-5-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім үлгілері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің айырым белгілері;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бекітілген нормаларды іске асыру тиісті қаржы жылына бөлінген қаражат шегінде жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2019 жылғы 28 маусымдағы
№ 655
бұйрығына 1-қосымша

Еуразиялық экономикалық одактың кедендейк шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жузеге асыратын, нысанды киім киуге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім үлгілері

1-тарау. Мемлекеттік кірістер органдарының ерлерге арналған нысанды киім үлгілері

1. Ерлерге арналған нысанды киім жиынтығына:

- 1) кокардасы бар қара-көк түсті қой терісінен тігілген қысқы құлақшын;
- 2) қара түсті қой терісінен тігілген қысқа тон;
- 3) қара-көк түсті ұзындау қысқы күртеше;
- 4) сыйдырмалы күртеше;

- 5) қара-көк түсті маусымдық күртеше;
- 6) қара түсті тоқылған қолғап;
- 7) қара-көк жартылай жұн жемпірлер;
- 8) қара-көк түсті тоқыма кеудеше;
- 9) жеңі ұзын ашық-көк түсті жейде;
- 10) жеңі қысқа ашық-көк түсті жейде;
- 11) ұзын жеңді ақ түсті жейде;
- 12) қысқа жеңді ақ түсті жейде;
- 13) қара түсті былғарыдан жасалған жылы қысқы етік;
- 14) унты;
- 15) қара-көк түсті галстук;
- 16) галстукке арналған қыстырығыш;
- 17) қара түсті былғары белдеу;
- 18) қара түсті былғарыдан жасалған маусымдық бәтенке;
- 19) қара түсті былғарыдан жасалған туфли;
- 20) қара-көк түсті жұн матадан жасалған шарф;
- 21) кокадасы бар қара-көк түсті фуражка;
- 22) қара-көк шалбары бар кителъ;
- 23) қара-көк түсті күнделікті шалбар кіреді.

Рисунок 1



1-сурет


Ескертпе: 1 - күнделікті нысан; 2 - жазғы нысан; 3 - қысқы нысан.

2-тарау. Мемлекеттік кірістер органының әйелдерге арналған нысанда киім ұлгілері

2. Әйелдердің нысанды киім жиынтығына:

- 1) кокадасы бар қара-көк түсті қой терісінен тігілген қысқы құлақшын;
- 2) қара түсті қой терісінен тігілген қысқа тон;
- 3) қара-көк түсті ұзындау қысқы күрте;
- 4) сыйдырмалы күртеше;
- 5) қара-көк түсті маусымдық күртеше;
- 6) қара түсті тоқылған қолғап;
- 7) қара-көк жартылай жұн жемпірлер;
- 8) қара-көк түсті тоқыма кеудеше;
- 9) жеңі ұзын ашық-көк түсті жейде;
- 10) жеңі қысқа ашық-көк түсті жейде;
- 11) ұзын жеңді ақ түсті жейде;
- 12) қысқа жеңді ақ түсті жейде;
- 13) қара түсті былғарыдан жасалған жылы қысқы етік;
- 14) унты;
- 15) қара-көк түсті галстук;
- 16) галстукке арналған қыстырығыш;
- 17) қара түсті былғары белдеу;
- 18) қара түсті былғарыдан жасалған маусымдық қысқа қонышты етік;
- 19) қара түсті былғарыдан жасалған туфли;
- 20) қара-көк түсті жұн матадан жасалған шарф;
- 21) кокадасы бар қара-көк түсті берет;
- 22) қара-көк шалбары бар пиджак;
- 23) қара-көк түсті күнделікті белдемше;
- 24) қара-көк түсті күнделікті шалбар кіреді.

Рисунок 2



2-сурет

Ескертпе: 1 - күнделікті нысан; 2 - жазғы нысан; 3 - қысқы нысан.

3-тaraу. Ерлерге және әйелдерге арналған далалық нысанды киім ұлгілері

3. Ерлерге және әйелдерге арналған далалық нысанды киім жиынтығына (3-сурет):

- 1) көк түсті далалық күртеше мен шалбар;
- 2) көк түсті далалық жылы күртеше мен шалбар;
- 3) көк түсті кепка;
- 4) көк түсті футболка;
- 5) кара түсті ұзын қонышты бәтеңке;
- 6) кара түсті ұзын қонышты далалық жылы бәтеңке кіреді.



3-сурет

Ерлерге және әйелдерге арналған далалық нысанды киім жиынтығы
Ескертпе:

Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз ету Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерді нысанды киіммен қамтамасыз етудің заттай нормалары негізінде жүзеге асырылады.

Нысанды киім дайын түрде мөлшерлемесіне сәйкес беріледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 28 маусымдағы
№ 655
бұйрығына 2-қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киюге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз етудің заттай нормалары

1	Заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Бір қызметкерге арналған заттар саны	Пайдалану мерзмі (Ескертпе аймен)	
1	Кокардасы бар кара-көк түсті кой терісінен тігілген қыскы құлақшын	дана	1	48	

2	Қара түсті қой терісінен тігілген қысқа тон	дана	1	36	Климаты сұық өңірлер үшін ғана
3	Қара-көк түсті ұзындау қысқы күртеше	дана	1	36	
4	Сыдырмалы күртеше	дана	1	24	
5	Қара-көк түсті маусымдық күртеше	дана	2	24	
6	Қара түсті тоқылған қолғап	пара	1	12	
7	Қара-көк жартылай жүн жемпірлер	дана	1	24	
8	Қара-көк түсті тоқыма кеудеше	дана	1	24	
9	Жені ұзын ашық-көк түсті жейде	дана	2	24	
10	Жені қысқа ашық-көк түсті жейде	дана	2	12	
11	Ұзын жеңді ақ түсті жейде	дана	1	24	
12	Қысқа жеңді ақ түсті жейде	дана	1	12	
13	Ерлерге арналған қара түсті былғарыдан жасалған жылы қысқы етік	пара	1	24	
14	Әйелдерге арналған қара түсті былғарыдан жасалған жылы қысқы етік	пара	1	24	
15	Унты	пара	1	48	Климаты сұық өңірлер үшін ғана
16	Қара-көк түсті галстук	дана	1	24	
17	Галстукке арналған қыстырығыш	дана	1	36	
18	Қара түсті былғары белдеу	дана	1	24	
19	Ерлерге арналған қара түсті былғарыдан жасалған маусымдық бәтенке	пара	1	24	
20	Әйелдерге арналған қара түсті былғарыдан жасалған маусымдық қысқа қонышты етік	пара	1	24	
21	Ерлерге арналған қара түсті былғарыдан жасалған туфли	пара	1	24	
22	Әйелдерге арналған қара түсті былғарыдан жасалған туфли	пара	1	24	
23	Қара-көк түсті жүн матадан жасалған шарф	дана	1	36	
24	Кокадасы бар қара-көк түсті фуражка	дана	1	24	
25	Қара-көк түсті шалбары бар китель	дана	1	24	
26	Қара-көк түсті белдемшесі бар пиджак	дана	1	24	
27	Қара-көк түсті күнделікті шалбар	дана	1	24	
28	Қара-көк түсті күнделікті белдемше	дана	1	24	
29	Көк түсті далалық жылы күртеше мен шалбар	жиынтық	1	24	
30	Көк түсті далалық күртеше мен шалбар	жиынтық	1	24	
31	Көк түсті кепка	дана	1	24	
32	Көк түсті футболка	дана	1	12	
33	Қара түсті ұзын қонышты бәтенке	пара	1	24	

34	Қара түсті ұзын қонышты далалық жылы бәтәңке	пара	1	24	
35	Қара көк түсті берет	дана	1	24	

Ескертпе:

Нысанды киіммен қамтамасыз ету бюджетке салық пен төлемдердің түсімін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілдеп ті органың есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 28 маусымдағы
№ 655
бұйрығына 3-қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киоғе құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімнің айырым белгілері

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері үшін айырым белгілері ретінде:

1) тігілетін айырым белгісі (сурет);

алынбайтын – қысқа тонның, қысқы күртешенің, сыйырмалы күртешенің, маусымдық күртешенің, пиджактың, далалық жылы күртешенің, далалық күртешенің сол жақ қеудеде;

алынбалы - жейденің сол жақ төс қалтасында.

Тігілетін айырым белгісі мөлшері 100x80 мм, қара түсті матадан, қалқан тәрізді нысандан жасалған, мемлекеттік кірістер органдары логотипінің ортасының үстіндегі бөлігінде - "QAZAQSTAN", төменде "MEMLEKETTIK KIRISTER ORGANDARY" деген жазуы бар. Белгідегі жазулар мен суреттер тоқу тәсілімен жасалған, алтын түсті;

2) қысқа тонның, қысқы күртешенің, маусымдық күртешенің арқасында жарыққа шағылышатын "MEMLEKETTIK KIRISTER ORGANDARY" деген жазу бар;

3) бас киімнің кокардасы бір тұтас ретінде алтын түстес металл қорытпасынан жасалған, мемлекеттік кірістер органдары логотипінің ортасында көгілдір фонда. Артқы жағында екі металдан жасалған бекіткіштер балқытылып орнатылған. Кокарды бас киімнің ортасына мандайына бекітіледі;

4) галстукке арналған қыстырығыш сыртқы және ішкі бұтақшалары бар металл пластина. Сыртқы бұтақшасының ортасында - алтын түстес мемлекеттік кірістер органының логотипі.



Сурет

Тігілетін айырым белгісінің үлгісі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 28 маусымдағы
№ 655
бұйрығына 4-қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киюге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру қафидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киюге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру қафидалары (бұдан әрі – Қафидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-5-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленген және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында

бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киоғе құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің (бұдан әрі - қызметкерлер) нысанды киім киіп жүру тәртібін айқындайды.

2-тарау. Нысанды киім киіп жүру қағидалары

2. Нысанды киіммен киіп жүргүгө құқығы бар лауазымдар тізбесіне сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының барлық қызметкерлері қамтамасыз етіледі.

3. Нысанды киімдер ерлерге және әйелдерге арналған болып бөлінеді.

4. Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне нысанды киімдер олардың киім мөлшеріне сәйкес беріледі. Мемлекеттік кірістер органдарына қызметке алғаш қабылданған адамдарға бұйрық шыққаннан кейін, қысқы киімді қоса, толық мөлшерде нысанды киімдер беріледі.

5. Нысанды киімді және оның элементтерін кию мерзімі ол берілген күннен бастап есептеледі.

6. Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне жаңа нысанды киім заттарын бер есепке алу карточкасындағы жазбага сәйкес бұрын берілгендердің қолдану мерзімі өткен соң жүргізіледі.

7. Нысанды киімнің барлық заттары тазаланып, үтіктелген болуы тиіс.

8. Қамтамасыз ету нормасын асыруға, сондай-ақ нысанды киімді пайдалану мерзімін қысқартуға жол берілмейді.

9. Нысанды киім заттары жоғалған немесе бұлінген жағдайда жоғалған (бұлінген) заттарды жаңа заттарға айырбастауды мемлекеттік кірістер органдарының қызметкери өз қаражаты есебінен сатып алады.

10. Нысанды киім заттарын пайдалануға бері мемлекеттік кірістер органдарының әрбір қызметкерине жүргізілген есепке алу карточкалары бойынша ескеріледі.

11. Нысанды киім заттарын алуға арналған ведомость немесе мемлекеттік кірістер органдары қызметкерінің қолхаты бар ордер есепке алу карточкасында жазба жасау үшін негіздеме болып табылады.

12. Нысанды киім заттарын есептен шығару мынадай:

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысанды киіммен қамтамасыз ету нормаларында белгіленген пайдалану мерзімі өткен;

мемлекеттік кірістер органдарының қызметкери қайтыс болған, мүгедектігі бойынша, зейнеткерлік жасқа жету бойынша зейнеткерлікке шыққан;

қызметтік міндеттерді орындау кезінде нысанды киім бұлінген;

мемлекеттік кірістер органдарының қызметкери жұмыстан босатылған жағдайларда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 28 маусымдағы
№ 655
бұйрығына 5-косымша

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге
асыратын, нысанды киім киоғе құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары
қызметкерлерінің тізбесі**

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын,
нысанды киім киоғе құқығы бар мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне:

- 1) жетекші маман;
- 2) бас маман жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК